

Ислам Ынтымақтастық Ұйымы



- ▶ 1969 жылы 25 қыркүйекте мұсылман мемлекеттерінің бастамасымен құрылған. Бүгінгі таңда 57 ел мүше, жалпы халық саны 1,2 миллиардқа жетіп отыр. Ұйымға Ресей, Босния және Герцеговина, Тайланд бақылаушы ретінде қатысады. Ұйымның штаб-пәтері Сауд Арабиясының Джидда қаласында орналасқан. **Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ)**(2011 жылдың 28 маусымына дейін - **Ислам конференциясы ұйымы (ИКҰ)**)
- ▶ Ислам Конференциясы Ұйымы – мұсылман елдерін бір орталыққа біріктіріп отырған халықаралық ұйым. Ол 1969 жылғы қыркүйек айында Рабат қаласында (Морокко) өткен ислам әлемі саяси қайрат-керлерінің бірінші Ислам мәслихатында құрылған болатын. Оның алдында қойған негізгі мақсаты - өзіне мүше мұсылман елдерінің бірлігін нығайту, бірін-бірі қолдауын қамтамасыз ету, бейбітшілік пен қауіпсіздікті күшейту, мәдени, өнер-білім салала-рындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту.



Мүше мемлекет	Қосылды	Деректер
Ауғанстан	1969	Тоқтатылған 1980 - Наурыз 1989
Алжир	1969	
Чад	1969	
Мысыр	1969	Тоқтатылған Мау 1979 - Наурыз 1984
Гвинея	1969	
Индонезия	1969	
Иран	1969	
Иордания	1969	
Кувейт	1969	
Ливан	1969	
Либия	1969	
Малайзия	1969	
Мали	1969	
Мавритания	1969	
Марокко	1969	
Нигер	1969	
Пәкістан	1969	
Палестина Palestine Liberation Organisation	1969	
Сауд Арабиясы	1969	
Сенегал	1969	
Судан	1969	



Тунис	1969
Түркия	1969
Йемен	1969
Бахрейн	1970
Оман	1970
Катар	1970
Сирия	1970
БАӘ	1970
Сиерра-Леоне	1972
Бангладеш	1974
Габон	1974
Гамбия	1974
Гвинея-Бисау	1974
Уганда	1974
Буркина-Фасо	1975
Камерун	1975
Комор аралдары, Union of (previously Federal Islamic Republic of)	1976
Ирак,	1976
Мальдивтер,	1976
Джибути,	1978
Б	1999

1990 жылдан бері [Йемен Республикасы](#) [Йемен Халықтық Демократиялық Республикасымен](#) бірікті

2003 жылдан бері Бахрейн Патшалығы ретінде

<u>Нигерия</u> , Federal Republic of	1986
<u>Әзірбайжан</u> ,	1991
<u>Албания</u> ,	1992
<u>Қырғызстан</u> ,	1992
<u>Тәжікстан</u> ,	1992
<u>Түрікменстан</u> ,	1992
<u>Мозамбик</u> ,	1994
<u>Қазақстан Республикасы</u> ,	1995
<u>Өзбекстан</u> ,	1995
<u>Суринам</u> ,	1996
<u>Того</u> ,	1997
<u>Гайана</u> ,	1998
<u>Кот-д-Ивуар</u> ,	2001
Тоқтатылды немесе шықты	
<u>Zanzibar</u>	Jan 1993



Шықты тамыз 1993

Бақылаушы елдер	
<u>Босния және Герцеговина</u>	1994
<u>Орт. Африка</u>	1997
<u>Солтүстік Кипр</u> Солтүстік Кипр Түрік Республикасы	1979
<u>Тайланд</u> , патшалығы	1998
<u>Ресей</u> Федерациясы	2005
Бақылаушы Ислам мекемесі немесе Коммуналары	
<u>Moro National Liberation Front</u>	1977
Бақылаушы Ислами Институттар	
<u>Parliamentary Union of the OIC Member States</u>	2000
<u>Islamic Conference Youth Forum for Dialogue and Cooperation</u>	2005

Ресми 2004

- ▶ ИҚҰ-ның басшысы - Бас хатшы
- ▶ Атқарушы органы - Бас хатшылық
- ▶ Бас хатшыны мүше елдер Сыртқы министрлер конференциясында бір мәрте 4 жылға сайлайды.

Ұйым жанынан ашылып, дербес жұмыс істейтін төмендегідей органдар мен құрылымдар бар. Олар:

- Ислам даму банкі
- Ислам жаңалықтары агенттігі
- Экономика және мәдени мәселелер жөнінде ислам комиссиясы
- Иерусалим қоры
- Ислам астаналары ұйымы
- Ислам ғылыми-техникалық даму қоры

Тарихи шолу

- ▶ ИЫҰ-ның пайда болуының негізінде діни оқиға жатқанын естен шығармағанымыз абзал. Израильдің сионистік топтары Ислам әліміндегі ең қасиетті саналатын Әл-Акса мешітін өртеп жібергеннен кейін, осындай шектен шыққан оқиғалардың алдын алу үшін Ислам конференциясы ұйымы құрылғаны белгілі. Қазіргі таңда ұйымның құрамында Ислам даму банкі мен Ислам білім беру ұйымдарының жұмысы жемісті болып тұр. Ал саяси мәселелердің түйінін тарқатуға ұйымның мүмкіндігі болмауда. Ислам елдері конференциясы ұйымының қанат жаюына Батыс елдері мүдделі емес. Мәселен, Мысыр кезінде Араб әлемін айрандай ұйытатын мүмкіндікке ие болды. Өкінішке орай, олар Израильмен соғыста жеңіліп, Израиль мен АҚШ-тың құпия келісімін қабылдауға мәжбүр болғанын бәріміз білеміз. Осыдан кейін Мысыр мен өзге Араб елдері арасында салқындық пайда болғаны белгілі. Бүгінде Араб елдері арасында Израильдің тек Мысырмен ғана дипломатиялық байланысы орнаған



Organisation of Islamic Cooperation



Ұйым құрамындағы институттар

Бұл күндері Ислам Конференциясы Ұйымының аясында өзіндік мәртебеге ие негізгі үш институт жұмыс істейді. Олар: мамандандырылған, субсидиялық, аффилирленген институттар.

Ұйымның мамандандырылған институты құрамында Ислам даму банкі, Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Ислам ұйымы, Халықаралық Ислам жаңалықтар агенттігі, Ислам мемлекеттерінде телерадио хабарларын тарату ұйымы бар. Біз жоғарыда Ислам даму банкісі жөнінде айтқандықтан, енді Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Ислам ұйымына қысқаша тоқтала кетсек. Ол 1982 жылғы 3 мамырда құрылған, штаб-пәтері Марокканың Рабат қаласында. Негізгі мақсаты - Ұйымға қатысушы мемлекеттер арасында өз саласы бойынша ынтымақтастықты дамыту, нығайту. Жетекшілік органдары - Бас конференция, Атқарушы кеңес, Бас директор.

Мамандандырылған институт құрамындағы халықаралық Ислам жаңалықтар агенттігі Жидда қаласында орна-

ласқан. Ол 1972 жылы Ұйымға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлігінің үшінші конференциясының қарарына сәйкес құрылған болатын. Агенттік тілшілері қазір әлемнің көптеген елдерінде жұмыс істеп жүр. Жаңалықтар негізінен, араб, ағылшын, француз тілдерінде жарияланады. Агенттік өз ақпаратын Катар жаңалықтар агенттігі арқылы Азия, Америка және Еуропа-ның 700 елді мекеніне таратуда. Ал енді, Ислам елдері-не телерадио хабарларын тарату ұйымы 1975 жылдан бастап жұмыс істейді. Ол әлем халқын Ислам дінінің, өркениетінің асыл құндылықтарымен таныстыруда.

- ▶ ИКҰ аясындағы Субсидия-лық институт құрамында мынандай құрылымдар бар:
- ▶ Ислам елдеріне статистика-лық, экономикалық және әлеуметтік зерттеулерді дайындау орталығы; Ислам тарихын, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығы; Ислам сауда даму орталығы.
- ▶ ИКҰ аясындағы Аффилиирленген институт құрамында 11 құрылым жұмыс істейді. Олардың ішінде Ислам сауда-өнеркәсіп палатасы, Ислам астаналары мен қалаларының ұйымы, Ислам конференциясының жастар форумы, Ислам халықаралық жарты ай ко-митеті, Бүкіләлемдік араб - ислам мектебі федерациясы, Ислам ниеттестік спорт ойындары федерациясы, халықаралық скауттар мұсылман одағы, Ислам мемлекеттерінің консультанттар федерациясы тәрізді құрылымдар өзінің ізгі істерімен әлемге таныс.
- ▶ Мұның сыртында Ислам Конференциясы Ұйымының аясында Ислам Фикқ (юриспруденция) академиясы, Ислам технологиялық университеті, Нигерия мен Угандада Ислам университеттері ашылған. Олардың ішінде Ислам Фикх академиясы мұсылман әлемінің Исламға деген сенімін нығайтумен, оны шарифат қағидаттарына сәйкес түсіндірумен айналысады. Академия отырыстары жыл сайын өткізіліп тұрады.
- ▶ Бангладештегі Ислам технологиялық университеті ИКҰ-на қатысушы елдердегі адам ресурстарын инжиниринг, технология, кәсіби-техникалық салалар бойынша қытып, білімдерін жетілдіруге айрықша көңіл бөледі. Нигериядағы Ислам университеті болса, шарифат және исламды зерттеу, араб тілімен әдебиетін оқыту, жоғары білім беру, педагогика және мұғалімдердің білімін көтерумен айналысады.
- ▶ Осы орайда айта кететін бір қызықты жағдай, Ислам астаналары мен қалаларының ұйымы әрбір үш жыл сайын тұрақты түрде қалаларды архитектуралық жағынан жос-парлау, қоршаған ортаны қорғау жобалары бойынша сыйлық тағайындап, байқау-лар өткізіліп тұрады